# БАУЫРЫМ КӘМЕЛ ЖАЙЛЫ



Замандас, сырлас бауырым Кәмел екеуміз бірге тумасақ та бір туғандай болып біріміздің жоғымызды біріміз жоқтап, бір-бірімізді іздеп тұрушы едік.

Сен бірде «Мен Шетте туған екенмін» деген едің. Солай да шығар, өйткені Шетте ауылдың біраз адамдары қызмет істеген болатын. Соғыстан бұрынғы жылдары Әрін милиция бастысы болып жұмыс жасаған. Менің әкем Тұрсын соғысқа жарамсыз болып 1941-1942 жылдары милицияда істеп, абақты күзетін-де болған екен. «Абақтыда жатқандарға келушілер таныс адамдар болып кіргізбесем олар ренжиді, кіргізсем үстімнен бақылайтын белсенділер бар» дейтін. Содан шыдай алмай арыз беріп, ауылға келген еді.

Жүніс әкеміз де Шет ауданында қызметте жүрді, үйде көп болмайтын.

Біз өзің айтатын Мақыш мектебінен 1-кластан 3-класқа дейін бірге оқыдық. 1947 жылы маусымның 22-сі күні әкем Тұрсын қайтыс болып, біз 7 бала жетім қалдық. Содан бір жылдан кейін сіздің үй Шетке көшіп кеттіңдер. Сен оқуға зерек едің, көп мәселені мұғалімге сұрақ қойып, анықтап білгің келетін. 10-класты бітірген соң Қарағандыға пединститутқа түсіп оқып жүріп, Алаш ардагерлерінің жалғасы «Есеп» партиясын құрдыңдар. Онда «екі адам ғана біріміздi біріміз біліп, үшінші адам білмеу керек» дегенді қатаң ұстандыңдар. Себебі ұстала қалсақ, екі адам жауапты болып, басқалар аман қалу керек деген мақсат болды. Компартияның кезінде жастардың бұл бастамалары асқан батырлық еді.

Демалыс уақытында ауылға келіп-кетіп жүруші едің. Қайрақтыда Жаманқожа ағайдың үйімен Тұрабай ақсақалдың үйлері көрші тұратын. Сонда келіп жүріп Тұрекеңнің ақылына көркі сай қызы Ғалияны көріп, біріңді-бірің ұнатып үйлендіңдер.

Қарағандыда бастаған істеріңді қоймай жалғастыра бердіңдер, соңдарыңа түскен салпаңқұлақтар аңдумен болды. Әр жерден жастарға листовка жіберіп жүріп, досың Зейнолла екеуің ұсталып тергеуге түсіп, қанша қорлық көрсеңдер де ешкімді ұстатпай, өздерің мойындарыңа алып кете бардыңдар.

«Қарағандыда көп ұстамай екеумізді бөліп, мені Сібірге жіберетін болып, жолда бір зәулім үйге тоқтап, есігі темір, терезесі торланған бір бөлмеге қамады. Сол бөлмеде жалғыз отыр едім, бір кезде есіктен дәу орысты кіргізіп, есікті жауып кетті.Әлгінің түрін көріп секем алып орнымнан тұрдым, екеумізде де үн жоқ, бір-бірімізді бақылаумен болдық. Бұл тегін адам емес деп Аллаға сыйынып, бар күшімді жинап, қарсы келгенде иектің астынан жұдырық сілтедім. Ол шалқалақтап, бұрын үйді жылытуға пайдаланған батарея болса керек соған басын соға құлады. Сол бетінде үнсіз қалып, біраздан соң оны алып кетті. Ол жерде де тексеріп, ертеңінде Сібірге қалың орманға апарды. Ағаштан салған баспана үй бар екен. Апарған конвойлар «жұмысың ағаш кесу, қашсаң атыласың, аюға жем боласың», - деді. Содан ол жерде жүріп 33 жылға кесілген Құнанбай ақсақалмен танысып, көп нәрсе үйрендім. Өзім білмейтін жұлдыздардың атын білдім», - деп айтқан едің.

Ол кісіні саған Алла кездестірген шығар және өзіңнің қайрат-жігеріңмен елге аман-есен қайтуды ойлап кесілген мерзімнен бұрын елге қайттың. Тілеуіңді тілеп отырған адал жарыңмен, бала-бауырларыңмен, ағайын-туыспен қауыштың. Одан әрі мектепте сабақ бере жүріп, Шет өңіріндегі батыр, әулие, жыршы-күйшілерді зерттеп, ізденіп көп еңбектендің. Бұл еңбектеріңе, жазған кітаптарыңа ел сүйсінді. Көре алмай күндегендер де болды. Сол кездерде мен саған «елдің ата-бабасын жазып, өзіңе дау туғызғанша өз аталарымыз Асан қожаның жоңғар-қалмақ, Созақ соғыстарына қатысып, батыр атанғанын неге жазбайсың?» - деп ренжіген едім. Кейін Асан қожаның Құнанбай қажы мен Қадыр батыр осында имам бол генде, «мен Аллаға құлшылық етіп, бес уақыт намазымды оқып жургеніммен, бала оқытып, жаназа шығарып, бала сүндеттеген жоқ едім. Аға-інілерімнің балаларын оқытып, кейін шаруашылықпен кетіп едім деген қарапайымдылық қасиеті есіме түскен болатын.

Қазіргі күнде атамыз «батыр болған» деп жазып жүргендер де жетерлік. «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды,жамандар жақсымын деп айқайлайды» деген осыған саяды екен.

Бауырым Кәмел, сенің де батырлығың бір басыңа жетерлік еді. Өз халқын сүйіп өскен, оның мүддесі үшін күрескен нағыз патриот едің. Ауырып жатып қалған алғашқы кездерде қоштаспақ болып қолыңды созғанда «батырлық жасап орыстың орманын аралап келгенде осылай кетпекші ме едің?» деп сергітпек болдым.Бірақ арнайы келген ажал, емі жоқ обыр алмай қоймады.

Қимас бауырым Кәмел, артыңда қалған адал жарың, балаларың, бауырларың, ел-жұртың аман, бейбіт өмірде болсын!

Өзіңнің жатқан орның мамық, рухың бейіштің төрінде болғай!

**бауырың АДАМҚҰЛ.**
**Төменгі Қайрақты ауылы.**

Шет шұғыласы, 2023. - 9 наурыз (№10). - 11 б.